

*Нұрманбетқызы Ж.<sup>1\*</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ -нің тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, корреспондент автор*

*E- mail: [zh.nurmanbetkhyzy@abaiuniversity.edu.kz](mailto:zh.nurmanbetkhyzy@abaiuniversity.edu.kz)*

## XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

*Аңдатпа*

Ақпан төңкерісінен кейін Қазақ зиялылары Уақытша үкіметтің келуін сәтті пайдаланып, қазақ жерінде болып жатқан бірқатар мәселелерді құрылтайда қарастырып, шешімін табуға тырысты. Көп кешікпей Ә.Н. Бокейханов Торғай облысы бойынша Уақытша үкіметтің комиссары болып тағайындалды. Сәл кейінірек М. Тынышбаев, одан соң Мұстафа Шоқай Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің құрамына енгізілді. Жанша Досмұхамедов, Халел Ғаббасов, Жақып Ақбаев, Асфендияр Кенжин, Әзімхан Кенесарин және қазақ халқының кейбір басқа да өкілдері Қазақстан мен Түркістанның бірқатар уездері мен қалаларындағы уақытша үкіметтің атқарушы органдарының құрамына кірді. Осы сәтте халықтың азаттың күні туды деп, қоғамдық білім беру, мектептер ашу, әйел құқықтары, ұл-туазаттық қозғалысқа қатысқандарға кешірім жасау, азық-түлікпен, жұмыспен қамтамасыз ету, т.б. мәселелерді алға тартты. Қазақ демократиялық интеллигенциясы үшін әр уақытта ең негізгі мәселе — жер мәселесі болды. Осы мәселе бойынша, бірқатар қалаларды съездер де болып өтті. Мақалада Ақпан төңкерісінен кейін Қазақстанда Уақытша үкіметтің қазақ зиялыларына деген позициясы және өлкелік комиссиялар құрылуы туралы айтылады.

**Кілт сөздер:** қазақ зиялылары, уақытша үкімет, өлкелік комиссарлар тағайындау, округтік съезд.

*Нурманбетқызы Ж. <sup>\*1</sup>*

*<sup>1</sup>кандидат исторических наук, доцент Казахского национального педагогического университета имени Абая*

*E- mail: [zh.nurmanbetkhyzy@abaiuniversity.edu.kz](mailto:zh.nurmanbetkhyzy@abaiuniversity.edu.kz)*

## ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ КАЗАХСТАНА В НАЧАЛЕ XX ВЕКА

*Аннотация*

После Февральской революции казахская интеллигенция успешно воспользовалась приездом Временного правительства, рассмотрела на курултае ряд вопросов, происходящих на казахской земле, и попыталась найти шемыын. Вскоре А.Н. Бокейханов был назначен комиссаром Временного правительства по Тургайской области. Чуть позже М. Тынышбаев, затем Мустафа Шоқай были включены в состав Туркестанского комитета Временного правительства. Жанша Досмұхамедов, Халел Ғаббасов, Жақип Ақбаев, Асфендияр Кенжин, Азімхан Кенесарин и некоторые другие представители казахского народа вошли в состав исполнительных органов Временного правительства в ряде уездов и городов Казахстана и Туркестана. В этот момент, говоря, что родился день освобождения народа, он выдвинул вопросы общественного образования, открытия школ, прав женщин, помилования тех, кто участвовал в национально-туазатском движении, обеспечения продовольствием, работой и т. д. Для казахской демократической интеллигенции главным вопросом в разное время был земельный вопрос. По этому вопросу также прошли съезды ряда городов. В статье рассказывается о позиции Временного правительства в Казахстане по отношению к казахской интеллигенции после Февральской революции и создании краевых комиссий.

**Ключевые слова:** казахская интеллигенция, Временное правительство, назначение краевых комиссаров, окружной съезд.

## THE BEGINNING OF THE XX CENTURY SOCIO-POLITICAL ACTIVITY OF THE NATION'S INTELLIGENTSIA DURING THE FEBRUARY REVOLUTION IN KAZAKHSTAN

### Abstract

After the February Revolution, the Kazakh intelligentsia successfully took advantage of the arrival of the Provisional Government, considered a number of issues taking place in the Kazakh land at the Kurultai, and tried to find shemymyn. Soon, A. N. Bokeikhanov was appointed commissioner of the Provisional Government for the Turgay region. A little later, M. Tynyshbayev, then Mustafa Shokai were included in the Turkestan Committee of the Provisional Government. Zhansha Dosmukhamedov, Khalel Gabbasov, Zhakip Akbayev, Asfendiyar Kenzhin, Azimkhan Kenesarin and some other representatives of the Kazakh people joined the executive bodies of the Provisional Government in a number of counties and cities of Kazakhstan and Turkestan. At that moment, saying that the day of the liberation of the people was born, he put forward issues of public education, the opening of schools, women's rights, pardoning those who participated in the national-Tuazat movement, providing food, work, etc. For the Kazakh democratic intelligentsia, the main issue at different times was the land issue. Congresses of a number of cities were also held on this issue. The article describes the position of the Provisional Government in Kazakhstan in relation to the Kazakh intelligentsia after the February Revolution and the creation of regional commissions.

**Keywords:** Kazakh intelligentsia, Provisional Government, appointment of regional commissars, district congress.

**Кіріспе.** Уақытша үкімет – Ақпан революциясының нәтижесінде Ресейде құрылған билік органы. Қазақ халқына ұсынылған либералдық ұлттық-демократиялық қозғалыс бағдарламасының салыстыр-малы түрде ұстамды болуы және осы қозғалыс көсемінің кадеттер партиясының басшыларымен бұрыннан келе жатқан байланыстары Бөкейхановты кадеттер партиясы ОК-нің құрамына кіруін қамтамасыз етті, ал бұл сөл кездегі жағдайда қажетті билік тетігіне ұлттық қозғалыс басшылығының қол жеткізуіне бірден жол ашты, жаңа жағдайда өзін көрсетуге мүмкіндік туғызды. 1917 жылы 20 шілдеде Уақытша үкімет оған карап сайлауға дайындықты бастау үшін сайлау туралы ереженің алғашқы бес тарауын бекітеді, бір мезгілді ереженің қалған бөлімдерінің жобасын сақтай отыра, оны 22 шілдеде «уақытша үкімет хабаршысында» жариялайды[1]. Құжаттың I- тарауында «құрылтай жиналысы халықтың жалпыға бірдей, жынысына қарай тең құқықты, тіке және жасырын дауыспен, тең өкілетті сайлаған мүшелерден құралатыны»- мәлімделенеді. Осы арқылы қарапайым халық қазақ зиялыларына бірқатар үміттерін артты[2].

**Негізгі бөлім.** Құжат бойынша Қазақстан территориясының құрамына Амудария (Сырдария облысы), Дала (Ақмола, Семей), Орда округтері кіруге тиіс болды. Орда сайлау округі Ішкі орданың көшпелі қырғыз (қазақ) халқы мекендеген Астраханның бөлегі құрамында құрылды[3]. Бұл бастапқы варианты. 1917 жылы 10 қазанда жарияланған құрылтай жиналысына сайлау туралы ереженің I және II бөлімінің VI-X тараулары бекітілгеннен кейін Қазақстанда Орда. Орал, Торғай, Сырдария, Далалық, Жетісу сайлау округтері өмір сүрді.[4].

Бүкілресейлік сайлау туралы істер бойынша құрылтай жиналысы комиссиясы Уақытша үкімет жанында болды. Оның құрамына төраға, құрылтай жиналысына сайлау туралы ереже жобасын дайындайтын ерекше кеңес ұсынуы бойынша Уақытша үкімет тағайындаған 15 мүшесі кірді.

Округтік сайлау комиссиясын жергілікті қоғамдық ұйымдардан құрды. Жеделхаттағы қызықты фраза “занды елі көрмесек те өз қорқынышымыз бен тәуекелімізге жұмыс істеп жатырмыз. Агентікке өзінің ауызша хабарынан бізді үкіметтің қабылдаған заңымен таныстыруды сұрайды”[5]. Верный да Шкапский тамыздың 10-ына дейін қолында құрылтай жиналысына сайлау туралы ережені ұстамауы таңқаларлық көрініс. Оның өз қорқынышымыз бен тәуекеліміз бойынша әрекет етеміз», - деген теңеуі оны бұл жағдайда амалсыздан қателесуіне әкеледі. 1917 жылы 10 қазанда қабылданған заңда “Құрылтай жиналысына сайлау істері бойынша Жетісу сайлау округінің округтік комиссиясы Верный округтік сотының төрағасынан немесе оның жолдасынан мүшелері сол соттың жалпы жиналысында сайланғандар, мировой сот съезіне сайланғандар, екі мүшесі қалалық басқармадан сайланған және бір мүшесі Жетісу әскери округінен сайланғандардан тұрды.”

Одан әрі оларға қоса комиссия құрамына 52 баб бойынша мүше құқында әрбір топтан бір-бірден тілек білдірген тізімдегі кандидат алынды [6]. Бұл қаулы (10 қазақ, № 251) 1917 жылы 20 шілдеде қабылданған сайлау туралы ережені нақтылай түсті. Екіншісінде жалпы принциптері жөнінде сөз болса, біріншісінде (№251) округтік комиссия туралы ережені нақтылады. Басы ашығы осылардың біреуінде 1917 жылғы 10 тамызға дейін Шкапский алмаған. Бұл факт осыған оның 1917 жылы 5 қыркүйектегі Верныйдан Петроградқа жолдаған жеделхатының мәтіні мүлде түсініксіз. Ол онда Жетісу округтік комиссиясы 1917 жылы 10 тамызда құрылғандығын хабарлайды. Бұл бізге белгілі. Бірақ оның құрамы қызық.

**Мақсаттары мен міндеттері.** 1917 жылы ақпан мен қазан айына дейін Қазақстанның ең ірі қалаларында түрлі бас қосулар мен съездер өтті. Бұл мақаланы жазуда алда қойған мақсатымыз Ақпан төңкерістен кейін қазақ зиялыларының қоғамда болып жатқан бірқатар мәселелерді, уақытша үкімет құрған әртүрлі заң шеңберінен шықпай жасап кеткен, көбі біле бермейтін еңбектері мен әрекеттерін айту.

“Мұғалімдер семинариясының директоры-төрағасы болып облыстық ұйымның, шаруалар кеңесі, қырғыз комитеті, әскери кеңес, облыстық кеңестің, жұмысшы солдат депутаттарының, облыстық азық-түлік комитетінің біріккен жиналысында сайланады. Қалғандары заң бойынша. Біріккен жиналыс менің қаулым бойынша әрекет етті. Тағы бір қызықты сәт Қазақстанның өзіндік ерекшелігінің ашылуында. Округтік комиссия мүшесі ретінде, уездерде сайлау міндетін атқаруда мировой судьялардың өзінің тікелей міндетін қосып атқару кемшілігіне назар аударады. Сайлау кезінде мировой судьялар округтік соттың ұсынысымен облыстық комиссариат әскери басшылықтан әскери қызметке шақырылған оларды әскери міндеткерлік атқарудан босату, кейінге қалдыруды өтінген[7]. 1917 жылы тамызда құрылтай жиналысына сайлау істері бойынша Семей облыстық комиссиясы өз қызметін бастады. 1917 жылы 23 тамызда Бүкілресейлік сайлау төрағасы Авинов Петроградтан Семей облыстық комиссарына жан-жақты түсіндіреді. Ол алдымен Далалық сайлау округі құрамына Ақмола және Семей облыстарының кіретінін ескертті. Ерекше кеңестің ұсынысымен құрылтай жиналысына сайлау туралы істер бойынша Далалық округтік комиссия Омбы қаласында құрылатыны және Омбы сот палатасы мүшесінің өкілдігімен осы палатаның жалпы жиналысы сайланып, Омбы және Семей округтік соттарының жалпы жиналысының сайлауымен екі мүше, бір-бір мүше Омбы және Семей қалалық басқармасынан, бір мүше Сібір казак-әскері әскери басқармасынан сайланса екі мүше Ақмола және Семей облыстық қырғыз комитеттерінен құралды. Өзін-өзі басқару органдары мен қоғамдық ұйымдардан сайланағын адам сол ұйымдардың құрамына кірмеуі керек болды. Ақырсоңында облыстық комиссар сайлау мерзімі туралы ереженің 1 бөлімінің аталған 52 бабы күшіне енісімен, округтік және облыстық комиссия құрамына мүшесі ретінде әрбір топтан тізімде тілек білдірген кандидат кіретінін ескертті. Облыстық комиссарға сайлауға дайындықты уақтылы өткізу мақсатында шаралар қабылдау үшін шұғыл түрде айтылған комиссияны құру ұсынылды. Ақыр соңында сайлау туралы істер бойынша Бүкілресейлік комиссияның өз әрекеттеріне кіріскендігі жөнінде хабарлады [8]. Барлық қоғамдық ұйымдардың мүддесін келістіру үшін Семей облыстық комиссары комиссия жасақтады. Оның құрамына Ф.К.Станкевич, оның орынбасары Меторский, шендер Г.П.Виноградов, И.Г.Торабасв, Ә.Ермеков, А.Мундабаев, А.Киниц, Г.С.Никитиндер кірді. Тамыз-қыркүйек аралығында төмендегідей комиссиялар (уездік, учаскелік) құрылды.

Торғай округтік комиссиясының құрылу процесі ұзақ кезеңнен, тамыз-қазан аралығында өтті. Бұл комиссияның материалдары бізге кезікпесе де, біздегі бар мәліметтерге қарап, округтік комиссияның құрылу процесінде облыстық комиссардың бастан кешкен қиындықтары басқа аймақтардыкімен ұқсас деп айтуға болады. Мысалы, облыстық комиссар көмекшісі Матвеев 1917 жылы 5 тамызда Орын-бордан Петроградқа, «Торғай облысында округтік земство жоқтықтан уездік комиссияны құруға болмайды», - деп хабарлайды. Осыған орай уақытша азаматтық басқарманың төрағасының төрағалығымен округтік комиссия құруға шешім қабылданды. Округтік комиссия мәжілісін Орынборда өткізетін болды. Комиссия құрамында қалалық басқарманың мүшесінің болмауын, оның орнына Ақтөбе, Қостанай басқармаларынан бір-бір мүшеден шақырылатындығымен түсіндірілді. Көшпелі комиссияға земство басқармасынан сайланған мүшелер орнына уездік азаматтық комитеттерден сайланған мүшелер кіретін болды [9]. 1917 жылы 23 тамызда А.Байтұрсыновтың төрағалық егуімен уақытша Торғай облыстық басқармасының мәжілісі өтті. Облыстық комиссар көмекшісі А.В.Матвеев жиналыста құрылтай жиналысына сайлау туралы ережені және облыстық сайлау учаскелеріне бөлуді дайындау жұмыстарына кірісуді баяндады. А.В.Матвеев сондай-ақ облыстық басқармаға құрылтай жиналысына сайлау туралы ереженің 15 бабына сәйкес округтік комиссия губерниялық облыстық земство жиналысының

төрағасынан, округтік соттың әкімшілік бөлімшесі бойынша төрағасы орынбасарынан, губерниялық қаланың қалалық басқармасынан сайланған екі мүшесінен және губерниялық (облыстық) земство басқармасынан сайланған екі мүшесінен құралуы тиістігін жеткізді. Торғай облысында земство әлі енгізілген жоқ және оның жақын арада енгізілетініне сенім артып керегі жоқ [10].

Орынбор сотына Ақтөбе, Қостанайдан. Торғай және Троицкі соттарына - Қостанайға сайлануы тиіс. Уездік земствалық басқармасынан комиссияға мүше болып жергілікті азаматтық комитеттерден сайланған өкілдер кіруі керек. Ал қалалық басқарма өкілінің мәселесіне келетін болсақ облыстың барлық қалаларында қалалық өзін-өзі басқару қызмет ететіндіктен ол өз-өзінен шешіледі.

Қорытындыда облыстың комиссар көмекшісі комиссияны жасақтауда «ережеден сәл ауытқысақ та шұғыл қажет, егер земстваны енгізуді күтсек облыс құрылтай жиналысы сайлауын жүзеге асыра алмады», - деп мәлімдеді. Уақытша Торғай облыстық басқармасы баяндамашы түйіндеулерімен келісіп оны қолдады [11].

Облыстық комиссар, Торғай облыстың басқармасының мүшесі ерекше кеңестің округтік комиссиясының орналасқан орталығы болып Троицкінің сайлаған ұсыныспен келіспеді.

1917ж. 5 қыркүйекте Авинов Торғай облыстық комиссарынан шұғыл түрдегі сұрауында: «Азаматтық облыстың басқармасының Торғай облысындағы округтік комиссияны Орынборда құру ұсынысы неден туындағанын тез арада хабарлауын өтінеді» [12]. 1917 жылы 11 қыркүйекте Торғай облыстық комиссарының көмекшісі, «Орынбор облыстық мекемелердің орталығы және барлық облыспен байланысты» деп түсіндіреді. Троицк бір уезден жақын және таза қырғыз (қазақ) уездерінен мүлдем қашық, онда сайлау бойынша жұмыс жүргізу өте қиын, ол жұмыс жиі баруды талап етеді. Троицк сайлау бойынша жұмыс жүргізетін орталыққа келмейді деп қорытады комиссар [13].

Сайлау алдында Астрахань губерниясынан бөлініп қырғыз даласында құрылған Орда сайлау округіндегі жағдай сәл басқаша. 1917 жылы қыркүйекте құрылғын округтік комиссия құрамына төраға орынбасары М.Жұмалов, мүшелері Ш.Юсупов, А.Мұхамедалиев, Х.Мендалиевтер кірді [14].

Сайлау туралы ережеге сәйкес округтік сайлау комиссияларына сайлау учаскелерін бөлуге қатысты мәселелерді қарау мен бекіту жүктелді. Көп адамы бар болыстар бірнеше сайлау учаскелеріне, ал аз адамы барлар біреуіне біріктірілді. Ережеге сәйкес учаскелерді бөлу жобасына қарсы наразылық уездік және қалалық комитеттер арқылы округтерді учаскелерге болу жобасы туралы жалпы мәліметтер хабарлағанша 5 күн ішінде берілуі керек.

Мәселен, Торғай облыстық съезі өзінің 1917 жылы 28 тамыздағы жеделхатында 1916 жылы статистика бойынша халық саны 978000 жан басы болғандықтан Торғай облысынан Құрылтай жиналысына бес өкіл болуын сұрағанын хабарлайды [15]. Жауапта құрылтай жиналысында Торғай облысынан сайланатын өкілді көбейту мәселесімен сайлау туралы істер бойынша Бүкілресейлік комиссиядан сұрау керектігін айтып сыпайы жауап береді.

Тиісті орынға жеделхатын жолдаған Торғай облыстық комиссары күйгелектеніп, жауапты тоспастан, тағы да өзінің 1917 жылы 7 қыркүйектегі өтінішін шұғыл қанағаттандыруды сұрап, сұрау салады [16]. Облыстың комиссия атына уездерде сайлау учаскелерінің дұрыс бөлінбегенін және мұндай жағдайда сайлау құқын жүзеге асырудың мүмкін еместігіне шағымданған арыздар көптеп түсті.

Бастапқы шығын чиновниктер еңбегіне сыйақы емес, типография тізімдерді басудағы дайындық жұмыстарының ақысына байланысты болды. «Құрылтай жиналысына сайлау туралы ережедегі» құжатта «құрылтай жиналысына сайлау ісі үшін әрбір сайлау учаскісіне жеке сайлау тізімі жасалады», - деп анық жазылған. Бұл кандидатық тізімге де қатысты, өйткені құрылтай жиналысына сайлауда дауыс беру тіркелген кандидаттық тізімнің біреуіне беріледі [17].

Астанадан бөлінген ақша жергілікті округтік комиссияға көбіне жетпеді, жетсе де толық емес. Мәселен, «Орал сайлау округі бойынша ПМ типография шығынына 10 000 сом, фрахт және қосымша шығынға 2000 сом, сайлау жәшіктеріне 9000 сомаударды. Шын мәнінде 10000 сом орнына 8100 сом жіберілген. Облыстық комиссарлар ең бастысы техникалық кадрлардың жетіспеуі мен жоқтығына қиналып, олар әскери министрліктен техникалық қызметкерлерді жергілікті жерлерге қайтаруды сұрады.

Мысалы, 1917 жылы 29 шілдеде Орал облыстық комиссары Бизянов «Орал облысының типографиясы облыс бойынша сайлау тізімін басу жұмысының жартысын атқаруға шамасы келеді», - деп баяндады. Бұдан әрі жеделхатта мынадай шараларды ұсынады:

1. ПМ 1917 жыпы 11 шілдеде және 15 шілдеде сұраған мобилизациялық бөлімді тезірек қайтару.

2. Осы типографияға өрт қаупі жағдайында жәрдем ақыны тезірек бөлуді.

3. Аталған жұмысты орындау шығынына қажет қаражатты босату.

Орал облыстық комиссары сонымен қатар қазір Кавказ жеке таулы артиллерия дивизионының 2 батерейасы 1 взводының солдатты бұрын Орал қаласындағы «Уралец» газетінің типографиясының теруші болып бекіген маман Иван Токаревті қайтаруды етінеді [17]. Астанадан комиссар атына келген жауапта әскери-өнеркәсіп комитеті Бас штаб басқармасының 1917ж. 29 шілдеде мобилизациялық бөлім бастығына хабарлауына сәйкес әскери қызметтен Глатышев, Сидоров Коканов, Исаевтарды босату жөніндегі өтінішін канағаттандыруды қажет деп таппады [17]. Бизяновтың тап болған тағы бір мәселесі ол сайлау жәшігі. Ол ПМ-не облыста бұрынғы сайлаудан қалған 459 жәшік бар және тағы да 270-тей жәшік дайындау қажеттігін хабарлайды. Облыстық комиссар министрліктің ұсынған есептеуіндегі 12 сом мүмкін емес жергілікті шеберлердің айтуынша әрбір ағаш жәшікті дайындауға 30 сомнан аз кетпейді және олардың қажетті мөлшері 1917 жылы 1-қарашасына дейін жасалатынын хабарлайды.

Жалпы қиындықтарға қарамастан барлық мәселелер облыстық комиссарлармен шешілді. Бірақ олардың дайындығы (ұйымдық, техникалық), сайлауға барлығы табанды келді, сайлауды өткізуге уақтылы дайын еместігі туралы мазасыз дабылмен оны кештеу өткізуге ауыстыру қажеттігімен шектелді. Ереже бойынша Қазақстанда округтік комиссия жекелеген учаскелерде сайлауды 15 күн кейін өткізуге құқы болды бірақ мұнан ары кешіктіру үшін Бүкілресейлік сайлау комиссиясының рұқсаты болды. Дегенменде жергілікті жерде алаңдаушылық орын алды. Ақмола облыстық комиссиясы 1917 жылы 3 қазанда шалғайлығына және қатынастың қиындығына байланысты сайлауды мерзімінде өткізудің мүмкін еместігіне ескертеді. Осыған ұқсас жеделхаттар Омбы, Ташкенттен детүсіп сайлаудың 1918 жылғы қаңтардан бұрын басталмасын хабарлайды [18].

Законов «Сайлаудың алдын - ала үгіт - насихат жұмыстарын жер шалғайлығына орай жүргізу мүмкін емес» - деп хабарлайды. Ол маңызды мәселені барлығымыздың саналы шешуіміздің орнына кездейсоқ келісім болмаса еді. Енді азаматтардың сайлауға қатты қызығушылығын оятуға, әрқайсысына бұл мемлекеттік жұмыстың маңыздылығына сендіруіміз қажет. Азаматтық міндет пен құқыққа халықтың селқостығы жағдайында нағыз халық билігі болуы мүмкін емес деп есептейді [18].

Жетісу округтік комиссиясы өзінің уақытша үкімет комиссары, Түрік комитет мүшесі О.Шкапскийге хатында «Сізге байланыстының барлығын жасап уездік комиссар арқылы уездік комиссияға жеткізілетін сайлау ісі жөніндегі мәжілістің хаттамалары мен сайлау кезінде салынған сайлау қағаздарын жеткізуде ұқыпсыз учаскіге сайлау комиссарларына әрекет жасауды сұрайды. Ол өзінің О.Шкапскийге мәлімдемесінде «Капал уезі бойынша үш сайлау комиссиясының ісі, Лепсіден тоғыз, Пішпектен 16 іс жеткізілмеді. Олар қайсысы екені тек жергілікті уездік комиссарларға белгілі», - деп хабарлайды [19]. Сонымен өткен сайлау кейбір сайлау заңын бұзу орын алса да, сайлаудың жалпы барысына айтарлықтай әсері болмады. Облыстық және уездік комиссарлар, округтік комиссия материалдарына қарағанда тәртіп қарапайым ғана еді. Олар көбіне сайлау тізіміне қатысты. сайлау тізімінен сайлаушының енбей қалуына сайлаудың құпиялығын бұзылуына (Жетісу облысы верный уезі) қатысты азаматтардың еркін білдіру бостандығының бұзылуы сияқты (Верный қаласында сайлау учаскелерінің қасына үгітшілер тұрып алып тізімдегі қарсыластарын жыртып отыруы) орын алды [19]. Жалпы алғанда Қазақстанда уақытша үкімет комиссарлары барлық қиыншылықтарға қарамастан қалыптасқан жағдайдан абыроймен шықты, олардың ұйымдастырушылық, техникалық жұмыстарын-сыз сайлау қортындысы дұрыс болмас еді. Егер құрылтай жиналысына сайлаудың ерекшелігін ескерсек Қазақстан Земстволық территорияға жатпайтындықтан, парламентке сайлаумен бірге Земствоға сайлауды да ұйымдастыру қажет болды, оған біз кейін тоқталатындықтан барлық деңгейдегі комиссарлар рөлін қайла бағалау мүмкін емес. Бұл жоба комиссарлардың белсенді қатысуымен, аяғына дейін жүйелі жеткізілді, билікте дәрежелерін, жергілікті жерлерде ықпалы мен қабілеттерін көрсетті.

Министр төраға князь Львов 1917 жылы 30 наурызда барлық губерниялық (облыстық комиссарларға, оның ішінде Қазақстанға да циркулярлы жеделхатын жөнелтеді. Онда «Уақытша үкіметтің шешіміне сәйкес және олардың жариялаған декларациясын орындауға байланысты ішкі істер министрлігі тез арада жергілікті басқарма және өзін-өзі басқару құрылысын реформалау бойынша жұмысын бастайды», - делінген.

Министрлік облыстық комиссарларға таяу арада жалпыға бірдей, тең және жасырын сайлау

негізінде жергілікті өзін-өзі басқару сайлауды белгілеген уақытша (бұйрық шығатынын ескертеді) бұйрық шығатынын ескертеді. Сондай-ақ бұл құжаттан соң «облыстық және поселкалық басқаруды еңгізу туралы уақытша бұйрық шығып, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мәртебесі кеңейетінін» - хабарлайды. ПМ қоғамдық ұйымдардың алда тұрған шаралары туралы мәлімдеуді ұсынды. Уақытша үкімет Земствоның алдын да тұрған аса үлкен жұмыстарды «жергілікті халыққа пайдасы, үшін, елдің қорғанысы, аурулар мен жаралы солдаттарға көмектерді» назарға ала келе, Земстволық өзін-өзі басқару органдарының жұмысын қорғауды қажет санады [20].

Құрылтай жиналысына сайлаумен Земствоға сайлауды қатар жүргізілетіндіктен облыс комиссарларының алдындаға міндет өте ауыр болды. Далалық өлкеде комиссары Законов 1917 жылы 6 маусымда Семей, Ақмола облыстық комиссарларынан, облыстарда (Ақмола, Семей) Земство еңгізілгенше облыстардың территориясын бөлу қажет және мүмкін бе, онан да Земство мекемелерінің бөлінуінен қашу қажет емес пе деп сұрау салады [20].

8 маусымда Львов облыстық комиссарларға «ПМ дайындаған Сібір және оған іргелес облыстардағы земство туралы ереже» біткен, уақытша үкімет бекіткен ереже Европалық Ресей үшін қолдануға негіз болатынын хабарлайды. Ол сондай-ақ ережені дайындауға Сібір өкілдерімен қоса түздік халықтан да көбі белсене қатысқанын мәлімдейді. Оның пікірінше ереже жергілікті жағдайлармен мұқият келісілген, жақын арада Үкімет бекітуіне ұсынылады, таяу күндері жарияланады. Сонымен бірге ол облыстық комиссарларды тиісті ереже жарық көргенше земство мекемелерін ұйымдастыруды тоқтатады [21].

1917 ж. 9 маусымда Законов Петроградқа «земстволық мекемелер енгізуді сабырсыздана күтіп отыр, бірақ оны кешіктіру земствоның кейбір салаларын тоқтатуға әкелмек» деп хабарлайды. Далалық өлке комиссары земствоны енгізу шұғыл шығындарды талап етеді деп есептейді. Қаржының кешігуі земствоны енгізуді баяулатады [21].

1917 жылы 17 маусымда бекітілген Сібір облыстары мен Архангельск Губернияларындағы земство мекемелері туралы уақытша ереже Ақмола, Семей, Жетісу, Торғай, Орал облыстарына тек осы облыстар территорияларындағы Сібір, Жетісу, Орал қазақтарының жерлерінен басқаларына таралды. Ішкі істер Министрлігіне тиісті облыстық земство жиналыстарының қорытындысына сәйкес облыстық земство жиналысы мүмкін деп тапқан жергілікті жерлерде земство мекемелерін құру тәртібі мен мерзімін анықтау құқығы берілді. Бір айдан соң 20 шілде де Уақытша үкіметтің «Ақмола, Семей, Жетісу, Торғай, Орал облыстарында земство мекемесінің ведомствосына олардың қарауында тұрған суару құрылыстарының жөнделген, жерді жасанды суландыру шаралары, азық-түлік капиталдарын меңгерудің кіретіні айқын жазылған.

Земстволық мекемені құра отыра үкімет олардың құзыры шаруашылық істері шеңберінен шықпауына міндеттеді. Жалпы земстволық өзін-өзі басқару демократиялық принциптер негізінде құрыла бастады.

Барлық деңгейдегі (облыстық, уездік, болыстық) сайлауға халықтың 20 жастан жоғары ерлері мен әйелдері ашық түрде қатысу құқығына ие болды. Сайлауға солдаттар да жіберілді, ешқандай отырықшылық шегі қойылмады, аталған- жергілікті жерде тізім жасарда кім тұрса барлығы да сайлау тізіміне енгізілді. Әрине кейбір категориялар (монах, дезертир, қылмыскерлер, ұрлығы үшін сотталғандар, алаяқтар, жазасын өтеп келгендердің өзі үш жылға дейін сайлау құқығы болмады) сайлау құқығынан айрылды. Сайлау тең (әрбір сайлаушының бір дауысы болды), жасырын (бюлнетеньдер арқылы), болыстық, уездік сайлаулар төте болды [22]. Тұрғылықты орнына қарамастан Ресей азаматтарының барлығы сайлануға құқылы болды. Болыстық земствоға сайлауда мажоритарлы жүйе (жартысынан жоғары дауыс алғандар сайланған болып есептелді) қолданынып бір турда өткізілді. Уездегі барлық болыстарда сайлау земство басқармасының және облыстық комиссардың келісімімен белгіленсе, кейбір болыстар үшін Ішкі істер министрі бекіткен пропорциональды жүйе (әрбір сайлаушы өз дауысын тізімдегі сайланушының біреуіне береді, кейін тізімдегілер бойынша берілген-дауыс теңдей саналады), нақты тізім бойынша сайланып, пропорциональды жүйені қолдану кезінде мүше ретінде кірмей қалғандар әрбір тізім бойынша кандидатқа қабылданып, тізім бойынша шығып қалған жолдасының орнын баса алды. Мажоритарлық сайлау кезінде оған жол берілмейді [22].

Сайлау барысы үнемі қадағаланып отырылды. Мәслен, Законов, Семейге телеграмма салып, қандай болмасын кездескен «қиындықтарды» хабарлауды сұрайды. Земствоны енгізудегі шұғыл жағдайларда тікелей ПМ-мен байланысуға кеңес береді. Осыған ұқсас жеделхаттар Семей кеңесі, облыстық комиссарларға жөнелтілді. Уақытша үкіметтің Далалық өлкесі бойынша комиссарын, қаржы мәселесі ерекше алаңдатты. Ол одан земствоны енгізу жұмысының барысын ғана емес, земствоны алдын-ала енгізуқандай шығындармен жүргізілетінін мәлімдеуді сұрады. Семей

облыстық комиссары Законовқа жағдай туралы жан-жақты баяндады. Мұрағатта оның- бірнеше баяндау жазбалары сақталған. Соның бірінде ол «Семей облыстық комиссариатынан земствоны енгізу туралы жағдайды «бұрмаланған түрде алғанын» хабарлайды. Түзетулер енгізілгеннен кейін ол 30 шілдеде оны барлық уездерге», халықты құлақтандыру үшін барлық жергілікті газеттерге жіберді. Сонымен қатар Қырғыз комитеті, жұмысшы және солдат депутаттарының кеңесі, шаруа және қазақ депутаттарының кеңестерін ерекше құлағдар етті. Сол 30 шілдеде, Троицкнйдің хабарлауынша телеграф арқылы барлық уездік комитеттерден олар уездік болыстық земствоны өздерінде ұйымдастыру шараларын қабылдауда ма болмаса ерекше комитет құру қажет пе сұрайды. Нәтижесінде анықталғандай, соңғысына (комитеттер) қажеттілік Өскемен, Зайсан, Павлодар және Семей уездерінде байқалғандықтан уездік комиссарларға тиісті жарлық берілді. Семей облыстық комиссары қиындықтар туралы, әсіресе земство кассаларында земство қаржысы және қандайда болмасын бос қаржының жоқтығын айтты. Ол министрліктен қазынадан шұғыл 60.000 сом бөлуді сұрауға мәжбүр болады.

«Қырғыз болыстарында» земствоны енгізу мәселесі ашық күйінде қалды. Жазбаларға қарағанда ол 1917 жылдың 22 тамызына дейін ашық қалған. Аталған әзірге түсіндірілмей, ал Петроград позициясында «қырғыз (қазақ) болыстарына земствоны енгізуге ешқандай кедергі кездеспейді» делінген. Ал құжаттарға қарағанда Семей облыстық комиссарының позициясы мүлдем түсініксіз, ол 1917 жылдың 13 қыркүйегіне дейін қазақ болыстарында земствоны тузуға қатысты ештеңе қабылдамаған [23].

Торғай облысында жағдай сәл басқаша көрінді. Мұнда облыстық, уездік комиссарлар үлкен жұмыс жүргізген Земствоны енгізу барлық деңгейде де (уездік, облыстық) қарастырылған. 1917 жылдың. 20-23 шілдесінде Ақтөбе уездік азаматтық комитетінің жалпы жиналысы ашылып, оған әртүрлі ұйымдардан 116 делегат қатысқан. Күн тәртібіне облыста болыстық Земствоны енгізу мәселесі қойылды. Уақытша үкімет комиссарларының қатысуымен «болыстық Земствоны шұғыл енгізу қажет» деген шешім қабылдайды. Мәселен талқылау барысында болыстық Земствоның ішінде жеке орыс және қырғыз (қазақ) болуына келіседі. Атап өтерлігі олардың бірігуіне де орыс және қырғыз (қазақ) халықтарының келісімімен рұқсат етеді. Тағы бір ерекше қызықты жайт атап өтілді. Ақтөбе уезінде уақытша үкімет заңдарының талаптары болыстық Земствоның территориясының толассыздығына байланысты жүзге асыруды мүмкін емес деп тапты. Жергілікті жағдайға қарай орыс поселкалары қырғыз болыстарының жерлерінде және көп жағдайда толассыз шекаралары болмағандықтан болыс жиектері арқылы рұқсат етілді [23].

Болыстық Земствоны ұйымдастыру уездік азаматтық басқармаларға жүктеліп, олар бұл мақсат үшін өз құрамына қалауынша Земства ісін бөлетін инструкторлардан штат ұйымдастырып, шақыруға құқығы болды. Сондай-ақ болыстарға Земстваны сайлағаннан кейін шұғыл түрде уездік және облыстық Земствоны сайлауға кірісуге шешім қабылданды.

Земствоны табысты ұйымдастыру және табыс салығы туралы ережені дайындау үшін ерекше комиссия сайлау қажет деп табылды. Ақыр соңында тағы бір ерекшелік.

Земство енгізілген және таяу арада заңға сәйкес земствоға сайлау өткізу қажеттігі жоқ ішкі губернияларға қарағанда, тек Торғай облысы мен оның уездеріндегі жағдайға орай облыстық басқарманы уақытша үкіметтен Ақтөбе уездік азаматтық комитетінің өзара салық жинауын мойындауын сұраған өтінішіне шешім қабылдайды. Земствоны енгізу туралы мәселе Торғай облыстық басқармасының, облыстық комиссар Ә.Бөкейхановтың тікелей қатысуымен өткен 1917 жылы 28 маусымдағы мәжілісінде де қаралды. Онда уездік земствоны ұйымдастыру уездік азаматтық комитетке тапсырылып, облыстық басқарма президиумына уездік комитеттер жанындағы уездік земство секцияларына көмек ретінде жергілікті жерлерге жіберу үшін инструкторлар шақыруды жүктеген шешім қабылданады. Жалпы уездік комиссарлар хабарына қарағанда жұмыс табысты орындалған. 1917 жылы 16 қазанда Торғай уездік комиссары О.Алмасов Торғай қаласында алғашқы уездік земство жиналысы ашылғанын баяндайды. Комиссарлардың осыған ұқсас хабарларының бірінде 1917 жылы 25 қазанда күндізгі бірде Ырғыз қаласында осындай жиналыстың ашылғаны, ал Ақтөбе уезі бойынша ашық сайлаудың 1917 жылы 11 қарашада белгіленгені баяндалады.

Жетісу облысында земствоны енгізу үшін 1917 жылы 31 тамызда Жетісу облыстық комиссарының бұйрығымен 17 маусымдағы заң бойынша облыста земство мекемелерін енгізу үшін кеңес құрылды. құрамына шешуші дауысы бар мынадай лауазымды адамдар шақырылды: Верный округтік сот төрағасы немесе оны ауыстыратын, салық инспекторы, ұсаққредит инспекторы, облыстық басқарма бөлімінің 1 және 2 кеңесшілері, Верный уездік комиссары, Верный ауданы мұғалімдер инспекциясы ұжымының төрағасы, қалалық өзін-өзі басқарудан, қазақ әскерлері

кеңесінен, жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінен, облыстық шаруалар кеңесінен, қырғыз (облыстық қазақ) комитетінен, мемлекеттік банктың Верный бөлімшесінен, сібір сауда, орыс-азиат, қалалық қоғамдық банк өкілді-лігінен бір-бір адам [24].

Лепсі және Жаркент уездерінде уездік земство мүшелерін сайлау ескі стильмен 10 наурызда болып, уездік земство жиналысы белгіленді. Пішпек уезінің көптеген сайлау округтерінде уездік земство мүшелерін сайлау өткізілмеді. Құжа га ХКК-нен Ташкентке жолданған жеделхатта құрылған земства басқармалары жұмыстарын бастауға тиіс деп атап көрсетіледі. Сірә дейді құжат авторы Ташкент барлық уезде басқарма құрылған деп жобаласа керек [25]. 1918 жылы 31 наурызда облыстық халық комиссары уездерде земствоны ұйымдастыру ісі түрлі себептермен болжаған қарқынмен ойлағандай жүрмеуде деп баянданды Сол себепті земствоны енгізу жөніндегі облыстық комитет уездегі земствоны ұйымдастыруға басшылық еткенімен облыстық земство жиналысын шұғыл құруда бұл істі әлі күнге дейін аяғына жеткізген жоқ. Комиссар әскери - революциялық комитет қаржысынан 21566 сом көлемінде несие сұрады [25].

**Қорытынды.** Жалпы алғанда біз қарастырған аймақтарда (Далалық өлке, Торғай облысы, Жетісу) Уақытша үкімет комиссарлары земстволық мекемелерді енгізуді жүзеге асырудың түрлі варианттарын көрсетті. Сөз жоқ олар позицияларды келісудің жағымды тәжірибелерін жинақтап, нәтижесінде әрекеттің жұмсақ және тиімді жүйесі дайындалды. Комиссарлар тәжірибесі позицияларды келісу жұмыстарының қоғамдағы әртүрлі топтардың мүдделерін есепке алудың үлгісін көрсетті. Земство жүйесін құрудағы бұл тәжірибе қазіргі, Қазақстан үшін де аса өзекті.

Сонымен, Қазақстанда Бүкіл ресейлік құрылтай жиналысымен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлауда Уақытша үкімет комиссарлары аса зор рөл атқарды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Паипс Р. Русская революция. Часть первая, с. 357.
2. Паипс Р. Русская революция. Часть первая, с. 357.
3. Протасов Л.Г. Всероссийское Учредительное собрание: история рождения и гибели. М, РОССПЭН, 1997, 368 с., с. 68.
4. РФ МА, 1800 қор. 1 тізбе, 197 іс, 13 парақ.
5. Протасов Л. Г. Всероссийское Учредительное собрание, с. 77, 81.
6. Положение \* о выборах в Учредительное собрание "Учредительное собрание. Россия 1918. (стенограмма и другие документы), Сост. Новицкая Т.Е. М., изд. Российского открытого университета, 1991,-160 с, с. 13
7. Положение о выборах, с. 14.
8. СУ, 1917, №251, ст. 1801.
9. Положение о выборах в Учредительное собрание, с. 16.
10. Положение о выборах, с. 17.
11. Положение о выборах в учредительное собрание, с. 17-18.
12. ҚРОМА, 41 қор. 1 тізбе, 1 іс, 1 парақ.
13. РФ МА, 1810 қор. 1 тізбе, 368 іс, 1 парақ.
14. СУ, №251, 1917, ст. 1801.
15. РФ МА, 1810 қор. 1 тізбе, 368 іс, 2, 3 парақтар.
16. ҚР ОМА, 41 қор. 1 тізбе, 2 іс, 1 парақ.
17. ҚР ОМА, 41 қор. 1 тізбе, 2 іс, 2 парақ.
18. ҚРОМА, 1382 қор. 1 тізбе, 1 іс, 1 парақ.
19. РФ МА, 1810 қор. 1 тізбе, 419 іс, 1,2 парақтар.
20. РФ МА, 1810 қор. 1 тізбе, 418 іс, 2 парақ.
21. РФ МА, 1810 қор. 1 тізбе, 418 іс, 2 парақ, сырты.
22. РФ МА, 1810 қор. 1 тізбе, 419 іс, 3 парақ.
23. РФ МА, 1810 қор. 1 тізбе, 419 іс, 9 парақ.
24. ҚР ОМА, 1192 қор. 1 тізбе, 9 іс, 2 парақ.
25. Протасов Л.Г. Всероссийское Учредительное собрание, с 85.

*References:*

1. Paips R. Rýsskaia revolýtsua. Chast pervaa, s. 357.
2. Paips R. Rýsskaia revolýtsua. Chast pervaa, s. 357.
3. Protasov L.G. Vserossuskoe Ýchreditelnoe sobranie: istorua rojdenua i gibeli. M, ROSSPEN, 1997, 368 s., s. 68.
4. RF MA, 1800 qor. 1 tizbe, 197 is, 13 paraq.
5. Protasov L. G. Vserossuskoe Ýchreditelnoe sobranie, s. 77, 81.



6. Polojenie \* o vyborah v Ýchreditelnoe sobranie "Ýchreditelnoe sobranie. Rossua 1918. (stenogramma i drýg e dokýmenty), Sost. Novitskaia T.E. M., izd. Rossuskogo otkrytogo ýniversiteta, 1991,-160 s, s. 13
7. Polojenie o vyborah, s. 14.
8. SÝ, 1917, №251, st. 1801.
9. Polojenie o vyborah v Ýchreditelnoe sobranie, s. 16.
10. Polojenie o vyborah, s. 17.
11. Polojenie o vyborah v ýchreditelnoe sobranie, s. 17-18.
12. QROMA, 41 qor. 1 tizbe, 1 is, 1 paraq.
13. RF MA, 1810 qor. 1 tizbe, 368 is, 1 paraq.
14. SÝ, №251, 1917, st. 1801.
15. RF MA, 1810 qor. 1 tizbe, 368 is, 2, 3 paraqtar.
16. QR OMA, 41 qor. 1 tizbe, 2 is, 1 paraq.
17. QR OMA, 41 qor. 1 tizbe, 2 is, 2 paraq.
18. QROMA, 1382 qor. 1 tizbe, 1 is, 1 paraq.
19. RF MA, 1810 qor. 1 tizbe, 419 is, 1,2 paraqtar.
20. RF MA, 1810 qor.1 tizbe, 418 is, 2 paraq.
21. RF MA, 1810 qor.1 tizbe, 418 is, 2 paraq, syrty.
22. RF MA, 1810 qor.1 tizbe, 419 is, 3 paraq.
23. RF MA, 1810 qor.1 tizbe, 419 is, 9 gtaraq.
24. QR OMA, 1192 qor. 1 tizbe, 9 is, 2 paraq.
25. Protasov L.G. Vserossuskoe Ýchreditelnoe sobranie, s 85.